


ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.23.07

ӨӨЖ/УДК/UDC 94(470)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.84.1.014>

О. Х. Мұхатова *¹

¹*тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан, Алматы қ.*
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР
ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ**

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеудегі пробле-малар мен бағыттары көрсетіледі. Тақырып - мәселенің зерттелу деңгейін және зерделенбеген тұстарын айқындау тұрғысында өзекті. Тарихнамалық талдау отандық тарих ғылымынан советтік және тәуелсіздік кезеңдерінде 1920–1930 жылдардағы пансыз балалар тарихы біршама зерделенген еңбектердің орын алғандығын көрсетеді. Бұл зерттеулерде 1921–1923, 1931–1933 ашаршылық жыл-дарындағы қорғансыз балалардың пайда болуы, олардың аштықтан қырылуы, көршілес елдерге ата-аналарымен бірге босып кетуі, жұқпалы індеттің құрбандарына айналуы, қылмыс әлеміне кіруі, мемлекет пен қоғамның панасыздыққа күресі үстірт көрініс тапқан. Совет Одағында «елде панасыз балалар жойылды, енді мұндай әлеуметтік құбылыс жоқ» деген жасанды тұжырымға сәйкес онда-ған жылдар бойы қорғансыз балалар тарихы арнайы зерттеу нысанына айнала қоймады. Балалар панасыздығы 1920–1930 жылдары айтылып, олармен күрес күн тәртібіне шығарылды. Ғылымда ана мен баланы қорғау проблемаларын зерделеуге басымдылық берілді. Тек тәуелсіздік жылдары тарихшылар бұл мәселеге назар аудара бастады. Осы кезеңде зерттеулердің қатары көбейіп, олар-дың деректік базасы кеңейді. Отандық ғылымда көбінесе елдегі әлеуметтік-экономикалық дағды-рыстың, ашаршылықтың, саяси қуғын-сүргіннің балалардың өміріне әсері турасында зерттеулер жарық көрді. Қорғансыз балалар тарихы арнайы қарастырылған бірлі-жарым еңбектер де бар. тарихи таным, методологиялық ұстанымдар бойынша тың ғылыми тұжырымдар жасалды. Тарих-шылар панасыз балалар ұғымына, оны қайта қарау мәселесіне тоқталған. Жаңа Шетелдік тарихна-мада мәселе СССР-дағы балалар үйлерінің астарында қарастырылды. Соңғы жылдары ғана аштық, саяси қуғын-сүргіннің балалар тағдырына әсері көрсетілген зерттеулер дайындалды. Өзбек, қырғыз тарихшылары қазақ балаларының аталған елдерге босып келуі, аш босқындардың ауыр жағдайын қазақ-қырғыз, қазақ-өзбек қатынастарының ауқымында зерделеді. Ғылымда Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы пансыз балалар тарихының тарихнамасы толыққанды талданбаған. Қорғансыз балалар туралы зерттеулер қатарының көбеюі және деректердің қолжетімді болуы мәселені терең әрі кешенді түрде зерделеу қажеттілігін байқатады. Ұлт зиялыларының қорғансыздықпен күрестегі ұстанымы мен қызметін, көршілес елдерге босып кеткен балдырғандар мен балақайлардың тағды-рын, саяси қуғын-сүргін жылдарындағы қасіретті тіршілігін, қылмысы және оған қарсы күресті ғылым және уақыт талаптары тұрғысынан зерделеудің маңызы зор.

Кілт сөздер: мәселенің зерттелуі, тарихнамалық дерек, тұжырым, Қазақстан, панасыз-қорғансыз бала, балаларды қорғау, комиссия, ашаршылық, жетімдер үйі.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «1920–1930 жылдардағы Қазақстан аумағындағы және іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселесі» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 23488331).

Мухатова О.Х. *¹

¹доктор исторических наук, профессор Институт истории и этнологии имени Ч.Ч.
Валиханова
г. Алматы, Казахстан
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ ДЕТЕЙ БЕСПРИЗОРНИКОВ В 1920–1930-гг. В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПОДХОДЫ

Аннотация

В статье освещаются проблемы и направления изучения истории детской беспризорности в Казахстане в 1920–1930-е годы. Тема актуальна с точки зрения определения степени изученности проблемы и неизученных аспектов. Историографический анализ показывает, что в отечественной исторической науке имеется немало работ, посвященных изучению истории детской беспризорности 1920–1930-х годов.

в советский и постсоветский периоды. В этих работах поверхностно отражены возникновение беспризорных детей в период голода 1921–1923 и 1931–1933 годов, их гибель от голода, бегство в соседние страны с родителями, становление их жертвами инфекционных заболеваний, вхождение в преступный мир и борьба государства и общества против беспризорничества. В Советском Союзе на протяжении десятилетий история детской беспризорности не становилась предметом специального изучения, исходя из искусственного вывода о том, что «в стране ликвидирована беспризорность, и такого социального явления больше не существует». В советский период в 1920–1930-е годы проблема детской беспризорности обсуждалась и борьба с ней была поставлена на повестку дня. Приоритетное внимание уделялось изучению проблем охраны материнства и детства. Только в годы независимости историки стали уделять внимание этому вопросу. За годы независимости количество исследований увеличилось, их источниковая база расширилась. В отечественной науке были опубликованы исследования о влиянии социально-экономического кризиса, голода и политических репрессий в стране на жизнь детей. Встречаются также несколько работ, специально посвященных истории незащищенных детей. Сделаны новые научные выводы на основе новых исторических знаний и методологических принципов. Историки сосредоточили внимание на понятие «беспризорничество» и высказали мнение об его пересмотра. В зарубежной историографии вопрос рассматривался в контексте детских домов в СССР. Лишь в последние годы были подготовлены исследования, показывающие влияние голода и политических репрессий на судьбу детей. Узбекские и кыргызские историки изучили бегство казахских детей в эти страны и тяжелое положение голодающих беженцев в рамках казахско-кыргызских и казахско-узбекских отношений. Историография истории детской беспризорности в Казахстане в 1920–1930-е годы до сих пор не получила должного научного анализа. Растущее число исследований, посвященных беспризорным детям, и доступность источников указывают на необходимость более глубокого и всестороннего изучения этой проблемы. Важно изучить позицию и деятельность национальной интеллигенции в борьбе с беспризорностью, судьбу детей, бежавших в сопредельные страны, их трагедию в годы политических репрессий, преступность среди беспризорных детей и борьбу с ней с точки зрения науки и требований времени.

Ключевые слова: изученность проблемы, историографический источник, вывод, Казахстан, беспризорник, защита детей, комиссия, голод, детские дома.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Проблема детской беспризорности на территории Казахстана и сопредельных стран в 1920-1930 годы» (регистрационный номер: АР 23488331).

Mukhatova O. Kh. *

¹Doctor of Historical Sciences, Professor, Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov Almaty, Kazakhstan
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

STUDYING THE HISTORY OF STREET CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920–1930S: PROBLEMS AND APPROACHES

Abstract

The article highlights the problems and directions of studying the history of child homelessness in Kazakhstan in the 1920s and 1930s. The topic is relevant in terms of determining the degree of study of the problem and unexplored aspects. Historiographical analysis shows that in domestic historical science there are many works devoted to the study of the history of child homelessness in the 1920s and 1930s. in the Soviet and post-Soviet periods. These works superficially reflect the emergence of street children during the famines of 1921–1923 and 1931–1933, their death from hunger, their flight to neighboring countries with their parents, their becoming victims of infectious diseases, their entry into the criminal world, and the struggle of the state and society against street children. In the Soviet Union, for decades, the history of child homelessness was not the subject of special study, based on the artificial conclusion that “homelessness has been eliminated in the country and such a social phenomenon no longer exists.” During the Soviet period in the 1920s and 1930s, the problem of child homelessness was discussed and the fight against it was put on the agenda. Priority attention was given to studying the problems of protecting mothers and children. Only in the years of independence did historians begin to pay attention to this issue. Over the years of independence, the number of studies has increased, and their source base has expanded. Domestic science has published studies on the impact of the socio-economic crisis, famine, and political repression in the country on the lives of children. There are also several works specifically devoted to the history of defenseless children. New scientific conclusions have been made based on new historical knowledge and methodological principles. Historians have focused on the concept of "homelessness" and have expressed an opinion on its revision. In foreign historiography, the issue was considered in the context of orphanages in the USSR. Only in recent years have studies been prepared showing the impact of famine and political repression on the fate of children. Uzbek and Kyrgyz historians have studied the flight of Kazakh children to these countries and the plight of starving refugees within the framework of Kazakh-Kyrgyz and Kazakh-Uzbek relations. The historiography of the history of child homelessness in Kazakhstan in the 1920s and 1930s has not yet received due scientific analysis. The growing number of studies devoted to homeless children and the availability of sources indicate the need for a more in-depth and comprehensive study of this problem. It is important to study the position and activities of the national intelligentsia in the fight against homelessness, the fate of children who fled to neighboring countries, their tragedy during the years of political repression, crime among homeless children and the fight against it from the point of view of science and the demands of the time.

Keywords: study of the problem, historiographic source, conclusion, Kazakhstan, street child, child protection, commission, famine, orphanages.

Acknowledgements. *The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «The Problem of Child Homelessness in Kazakhstan and Neighboring Countries in the 1920-1930s» (Registration number: AR 23488331).*

Қысқашы. Қазақстанда ХХ-ХХІ ғасырдың басындағы балалар панасыздығы тарихы өзекті тақырыптардың бірі саналғанымен ол турасында зерттеулер сирек жүргізілді. Мұның өзіндік себептері де баршылық. Панасыздық мәселесі советтік білім беру жүйесі, жетім балалар үйлерінің құрылуы, олардың қызметінің тарихының көлеңкесінде қалып қалды. Аталған түйткілдерге қатысты тарихи деректер, соның ішінде архив құжаттары зерттеушілер үшін қолжетімсіз болғандықтан панасыздық ұзақ жылдар бойы назардан тыс қалып келді. Советтік

ғылымдағы билікті мадақтау, оның қылмыстарын жасыру, өткеннің өткір тұстарын айналып өту тәрізді ұстанымдар үстемдік еткендіктен елде панасыз, жетім балалар туралы жұмған ауыз ашылмады. Коммунистік партияның тарихын оқыту мен зерттеуге басымдылық берілген кезеңде Қазақстан-нің өткенін зерделеу формалды сипат алды. Партияның өлкеде қазан революциясының орнатуы, социалистік қоғам құрудағы рөлі, индустрияландыру мен ұжымдастыруға және т.б. басшылық етуі тәрізді проблемаларды жаттанды сызба, жадағай мысалдар арқылы көрсету әдетке айналған тұста Қазақстан тарихының бірқатар мәселелері бұрмалана зерделенді. Панасыз балалар мәселе-лері бойынша зерттеулер некен-саяк жүргізіліп, тақырып өз алдына жеке дара зерттеу нысанына айнала қоймады.

Тәуелсіздік кезеңінде балалар панасыздығы тарихы ептеп зерттелгенімен мәселе отандық тарихнамада 1921–1923, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің астарын-да көрініс тапты. Әсіресе бұрын-соңды зерделеуге тиым салынған ашаршылықтың ақиқатын, елдегі КАРЛАГ, АЛЖИР-дегі тұтқындардың қасіретін айқындауды мақсат еткен зерттеулерде балалар панасыздығы туралы айтылды. Сол себепті осындай еңбектерде панасыздық мәселесі Қазақстандағы 1930–жылдардағы әлеуметтік-саяси мәселелермен өзара сабақтастықта қарасты-рылды.

Қорғансыз балалар тарихы егемендік жылдары архив құжаттары негізінде зерттеліп келеді. Дегенмен мәселе кешенді әрі толыққанды зерделене қоймады. Оған дәлел - тарихнамалық дерек-тердің мазмұны мен соларда жасалған тұжырымдар. Сондықтан да ең алдымен мәселенің зерт-телу деңгейін анықтап, зерделенуге тиіс қырларын айқындау ғылым үшін маңызды. Осы тұрғыдан келгенде зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы қорғансыз балалар тарихының тарихнамасын зерттеуде негізгі деректер болып отандық және шет елдік ғалымдардың ұжымдық еңбектері, диссертациялары, ғылыми мақалалары, жарияланған архив құжаттары мен материалдарының жинақтары табылады. Олардың алғашқысы 1930-жылдары жарық көрсе, соңғысы 2023 жылы жарияланған. Бір ғасырға жуық мерзімде дүниеге келген тарихнамалық деректердің біз талдап отырған түйкілдің жекелеген қырларын, проблемаларын, зерттелуге тиіс мәселелерін зерттеуге септігін тигізеді.

1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы қорғансыз балалар тарихының зерттелуін қарастыру тарихнама ғылымының методологиялық негіздерінсіз талдау мүмкін емес. Осы орайда зерттеудің тұжырымдамасы ретінде тарихнамалық дерек - тарихшының туындысы, сондықтан да ондағы фактілер объективті және субъективті сипатты иеленеді деген ұстаным алынды. Осыған орай тарихнаманың деректанулық тарихнама саласының әдістемесі, яғни тарихнамалық деректерді классификациялау және жүйелеу қолданылды. Тарихнамалық деректің пайда болуын және мазмұнын талдау әдісі пайдаланылды. Сондай-ақ тарихнама ғылымының тарихилық, объективті-лік, әлеуметтік қағидаттары тарихнамалық деректің өзіне, ғылымдағы орны мен рөліне, ұтымды тұстарына және кемшіліктеріне, фактілерге баға беруге, тарихшының ғылымға қосқан үлесін анықтауға септесті. Сонымен қатар тарихнамалық фактіні зерделеуде салыстырмалы-тарихи, нақты талдау, логикалық талдау, жүйелеу, хронологиялық, проблемалық-хронологиялық, ретро-спективті тәрізді әдістер қолданылды. Зерттеуде қолданылған қағидаттар мен әдістер мәселенің зерделену деңгейін, болашақта қарастырылуға тиіс қырларын анықтауға мүмкіндік тудырды. Тарихнаманың ғылыми ұстанымдарын ұтымды пайдалану қорғансыз балалар тарихының зерттелу бағыттарын дәйекті түрде айқындауға жол ашты.

Талқылау. Отандық тарих ғылымында 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы қорғансыз балалар тарихының тарихнамасы талданған зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен Г.Б. Сүгір-әлімованың кандидаттық диссертациясының кіріспе бөлімінде мәселенің зерттелу деңгейіне шолу жасалды [1.] Автор аталған мәселе бойынша алғашқы зерттеулер қатарына А.И. Зактың, А.С. Макаренконың, Н.К. Крупскаяның, Е.Д. Кускованың, И.Р. Зезинаның еңбектерін жатқызды [1; 4-5 бб.). Советтік кезеңде тарихшылардың балалар панасыздығы туралы айта алмағандығына тілге тиек етті. Себебі қоғамда 1930 – жылдардың соңында «панасыз балалар мәселесі жойылды» деген тұжырым жасалған еді. Г.Б. Сүгірәлімова XX ғасырдың 80 –

жылдарынан бастап 1931–1933 жылдардағы аштыққа байланысты қорғансыз балалар тарихының үстірт болса да зерделене бастағандығына, Д.А. Шаймұханов пен С.Д. Шаймұханованың, Ф. Кармановтың, С. Пановтың еңбектерінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың балаларының лагерьлердегі азапты өмірі баяндалғанына назар аударды. Тәуелсіздік кезеңінде баспасөз беттерінде жарияланған Э.Баймағамбетова, Т. Каленова, Т. Жұртбай, Қ. Алдажұманов, Б. Елеккев, Қ. Құсайыновтың еңбектерінде панасыз, жетім балалардың қайғы-қасіреті жеке адамның естеліктері, архив деректері арқылы баяндалғандығын атап көрсетті. Тарихнамалық шолуын қорытындылай келе өзі «қарастырған ғылыми әдебиеттер мен зерттеулер балалар панасыздығы мен жетімдігінің тарихы, қазіргі жағдайы жөнінде біраз мағлұматтар беріп, бағыт, бағдарымызды айқындағанымен, біздің тақырыбымыздың қыр-сырын толық аша алмайды. Қорыта алғанда, балалар панасыздығының тарихы, бүгінгі замандағы панасыз, жетім балалар мәселесі ғылыми тұрғыдан кешенді зерттелетін уақыт жетті» деген тұжырым жасады [1; 4-5 бб.].

З.Ғ. Сақтағанова мен Г.Б. Карсакованың Ақмола губерниясындағы 1920-жылдардағы ашаршылықтың қорғансыз балалар санының көбеюіне әсерін қарастырған мақаласында панасыз балалар ұғымына байланысты М.Н. Гернет, П.И. Люблинский, В.И. Куфаевтың пікірлері көрсетілді [2; 5 б.].

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бір топ зерттеушілерінің ұжымдық еңбегінде, соның ішінде М.М. Қозыбаева мен А.А. Бекенованың тараушасында авторлар отандық тарих ғылымында 1920 – жылдардың басындағы ашаршылықта балаларға көмек және панасыздықтың негізінен аштық ауқымында зерттелгенін қадап жазды. С.Смағұлова-ның, Б. Мұсаеваның билік органдары мен қоғамдық ұйымдардың балалардың өмірін жақсарту және аштықпен күрес жағдайында оларға көмек туралы айтылған еңбектерін бөліп көрсетті. Өңірлерде балаларға көмек және панасыздыққа қарсы күресі көрініс тапқан Г.Б. Карсакованың, Т.А. Кариеваның, С.М. Ғизатованың, З.Ғ. Сақтағанованың зерттеулерін атады [3; 149 б.].

Осылардың барлығы панасыз балалар тарихнамасының толық талданбағандығын, оны зерделеудегі жетістіктер мен кемшіліктердің анықталмағандығын дәйектейді.

Нәтижелер. Тарихшы-зерттеушілер Қазақстандағы панасыздықты арнайы зерделемесе де «социализмді орнықтыру жолындағы» советтер елінің әлеуметтік-саяси реформаларын қарастырған еңбектерде ана мен бала мәселесіне, қорғансыз, жетім балалардың жағдайына тоқталды. «Кемелденген социализм» кезеңінде ана мен баланы қорғау, жетім балалар үйі тәрізді мәселелерді зерттеуде панасыздық туралы үстірт болса да айтылды. Тәуелсіздік ұрпақ тәрбиесіне көлеңке түсіріп, қоғамда жат, қылмысты әрекеттерге жол ашатын балалар панасыздығы тарихын зерделеуге, қоғамда осы мәселе төңірегінде айтылмай келген бірқатар мәселелердің бетін ашуға мүмкіндік тудырды. Сол себепті панасыз қалған балалар тарихының тарихнамасын шартты түрде советтік және постсоветтік деп, екі кезеңге бөлуге болады.

Совет өкіметінің орнатылуына орай панасыздардың пайда болуы ашық түрде айтылмаса да аш-жалаңаш, қорғансыз қалған, халдері мүшкіл балалардың болғандығын Мұстафа Шоқай көрсетіп берді [4]. Ұлт зиялысы шетелде жарық көрген еңбегінде қазақтарға совет өкіметінің сырттан таңылып, күшпен, кедейлердің, олардың әйелдері мен балаларының сүйегінің үстіне орнатылғандығы туралы ащы шындықтың бетін ашты. М.Шоқай француз тілінде жариялаған «Ашаршылық қоршауы және оның салдары» атты мақаласында «1918–1919 жылдары «аштық саясаты» салдарынан мұсылман халықтары 1 млн. 114 мың адамға азайып, үлкен шығынға ұшырады», - деп жазды [5; 56 б.].

М. Шоқайдың пікірлері мен пайымдауларына қарама-қайшы көзқарас 1920– жылдардың соңындағы Қазақстандағы бала мен ана құқығын қорғаудың кейбір аспектілерін талдаған Н.В. Мананникованың еңбегінен орын алды [6]. Н.В. Мананникова балалар үйіне қатысты статистикалық мәліметтер келтіріп, «аштық жылдары панасыздар балалар үйінің арқасында жан сақтаған, олардың тағдыры совет үкіметінің көмегімен оң шешілді» деген біржақты тұжырым жасады. Алайда тарихи шындық балалар үйіндегі жеткіншектердің де жаппай аштықтан қырылғандығын дәйектейді. Панасыздардың бәрінің бірдей тағдыры жағымды сипат алмағаны

да ақиқат. Деген-мен 1920–жылдары Қазақстанда ана мен баланы қорғау мекемелерін ұйымдастыруда Надежда Васильевна Мананникованың айтарлықтай рөл атқарғаны белгілі. 1922 жылы Саратов медицина-лық институтын бітіріп, Бөкей губерниясына дәрігер болып келген ол балалар ауруханасында, губерниялық денсаулық сақтау бөлімінде меңгеруші қызметін атқарды. «Теңдік» газетінің бетте-рінде бала тәрбиесі, олардың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша кеңес беріп отырды [7; 80 б.].

Ресейдегі қазан революцияның және азамат соғысының салдары панасыз қалған балалар мен жасөспірімдер санының өсуіне алып келді. Осы кезде әлеуметтік жағдайы қиын балаларға жөнін-де тұңғыш жариялымдары пайда болды. Солардың қатарына Е.Д. Кускованың «Беспризорная Русь» атты мақаласын қоюға болады. Е.Д. Кускова - большевиктердің және ақ гвардияшылдардың диктатурасына қарсы шыққандардың бірі. Ресейде балаларға көмек қоғамдық ұйымын (балалар-ды құтқару лигасы - Лига спасения детей) құрумен айналысқан, әрі оның жетекшісі болған. Еңбегінде автор өткен ғасырдың 20-жылдарында Ресейдегі панасыз, жетім балалардың өмірін жан-жақты сипаттады. Бұдан автордың панасыз балаларды әлеуметтік қорғау мәселесін зерттеу нысаны етіп алғандығы байқалады. Ол бірінше кезекте советтерді қорғансыз балалармен күрес-тегі қателіктері үшін кінәлады. Большевиктер арасында елдің экономикалық және мәдени жағдайына сай келмейтін жаңа құрылымды халыққа күштеп тану эксперименті ұзаққа созылып кетті деп налыды. Осыдан автордың қалыптасқан жағдайды өзгертуге дәрменсіздігі байқалады. Мақала соңында Е.Д. Кускова ендігі жерде девиантты балалардан құтылудың бірақ жолы бар, ол үшін елдің бүкіл организмін, бәрінен бұрын шаруашылық - мәдени өмірін тұтас өзгерту керек деген қорытындыға келді [8; 82 б.]. Осыған ұқсас пікірді И.Р. Зезина білдірді. Ол «СССР-да қалыптасқан жүйенің басты кемшілігі жетімдіктің алдын алу емес, оның салдарымен күресу», - деп көрсетті [1; 5 б.]. Советтер елі қорғансыз балаларды өзі тудырды. Олардың көбеюіне мемлекеттің саяси, экономикалық ахуалы тікелей ықпал етті. Большевиктік партия мен үкімет қорғансыздықтың тууына қарсы емес, оны жоюға бағытталған шараларды жүзеге асырды.

В.М. Зензинов, А.В. Макленцов, С.С. Маслов, Б. Соколов және т.б. орыс эмигранттарының еңбектерінде Ресейдегі азамат соғысы жылдарында және одан кейінгі уақыттағы балалардың ауыр жағдайы сипатталды. Авторлардың пікірінше, балалардың өліміне, олардың қасіретіне большевиктер жауапты. Совет үкіметі балаларды қорғау, панасыздықпен күресу тәрізді қиындықтарға тап болды. Жаңа билік оны шешуде дәрменсіз. Осындай сыни көзқарастарға толы еңбек-тердің айналасында заманауи ресейлік тарихнамада әлі де болса түрлі пікірлер бар екендігі шындық [9].

Советтік биліктің алғашқы жылдарында шын мәнінде қорғансыз балалар нағыз қылмыскер-лерге айналып, қоғамға үлкен қауіп төндірді. Сол себепті панасыз балаларды тәрбиелеу, мемлекет қамқорлығына алу, арнайы білім беретін, еңбекке баулитын мекемелер құру ауадай қажет болды. 1920 жылы билік панасыз балаларды көшелерден жинап, «адамгершілік жағынан кеміс балаларға арналған» арнайы оқу колонияларына орналастыру туралы шешім қабылдады. Ресми әдебиет-терде олар коммуна деп аталды. Сондай коммунада А.С. Макаренко тәрбие жұмыстарын жүргіз-ді. Балаларды, соның ішінде панасыздарды еңбек, яғни еңбек мектебі арқылы тәрбиелеудің әдістемесін қалыптастырды. Антон Макаренко өндірістік және ұжымдық тәрбие әдісінің негізін қалады. Соның негізінде ғылыми еңбектер жазды. Алайда өз кезегінде оны шеттен шыққан қатал тәрбиеші ретінде көрсетіп, «макаренковщина» деп атады. Оның әдісі бірден дау тудырды, күні бүгінге дейін педагогикадағы даулы мәселе болып саналады [10].

Қорғансыз балаларды тәрбиелеуде А. Макаренконың әдісін Надежда Крупская қолдамады, тіпті одан бас тартуды ұсынды. Н. Крупская мектеп оқушыларының бірлескен жұмысқа қатысуы олардың еңбекке, тәртіпке, ұжымшылдыққа және басқа да құнды адамгершілік қасиеттерге саналы көзқарасын қалыптастырады деп есептеді. Оның пікірінше, баланы мәжбүрлеу мен жазалау идеясынан бас тарту қажет, өйткені жазадан қорқу санаға құлдық психологияны сіңіреді. 1928 жылы Бүкіл одақтың лениншіл жастардың VIII съезінде сөйлеген сөзінде Н. Крупская А.Макаренконың колониясын «құлдық және басы байлық мектеп» деп

атады. Өзі панасыз балаларды тәрбиелеумен қатар білім беруді басты орынға қойды, отбасы мен мектептің, мектепке дейінгі тәрбиенің өзара тығыз байланысы идеясын алға тартты [10].

Қазақстанда 1920-жылдардың бас кезінде Орталық Азия мен Қазақстан жастар қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі, БЛКЖО мен Коммунистік Жастар Интернационалының қайраткері – Ғани Мұратбаев 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басып-жаншу, өлкеде совет өкіметінің орнауы және одан кейінгі оқиғалардың зардаптарынан аштыққа ұшыраған жетім балаларды интернаттарға, балалар үйлеріне, мектептерге тарту ісіне белсене араласты. Өзі Ташкенттегі интернаттың директоры болды. Ғани сөйлеген сөздері мен мақалаларында жастарды білімге тартып, мектеп салуға, кітапханалар ашуға, жалдамалы еңбекпен айналысқанда келісім шарт түзудің қажеттілігін қадап айтты. Өзі осыларды жүзеге асыру бар күш-жігерін жұмсады [11].

1930 жылдардың соңында Совет Одағында балалар панасыздығы жойылды деген тұжырым жасалды. Сондықтан да бұл мәселе өзекті деп саналмады. Сондықтан да ХХ ғасырдың 40–50-жылдары қорғансыз балалар туралы арнайы еңбектерді былай қойғанда ғылыми мақалалардың өзі жарық көрмеді. 1965 жылы Ақлима Бисенқызының Қазақстанда ана мен баланы қорғауды дамыту үрдістері көрсетілген очеркі жарық көрді [7]. Советтік ана мен баланы қорғау жүйесінің қалыптасуы мен дамуын зерделеуде Ақлима Бисенқызы 1921–1922 жылдардағы аштық пен жұқпалы аурулардың жаппай таралуының нәтижесінде балалар, әсіресе нәрестелер өлімінің өте жоғары болғандығына тоқталды. 1920 жылы нәрестелердің (бір жасқа дейінгі) 60-70%, 1921 жылы – 80-90% шетінеді [7; 49 б.]. Балаларды аштықтан аман алып қалу үшін 1921 жылы Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті жанынан балалардың өмірін жақсарту және панасыздықпен күрес бойынша Ф.Е. Дзержинский басқарған арнайы комиссия құрылды. Сол жылдың ақпан айында мұндай ұйым ҚАССР ОАК жанынан құрылып, Қазақстандағы балалардың өмірі мен жағдайын жақсарту бойынша орталық комиссия деп аталды. Осындай комиссия өлкенің барлық губерния-лары мен уездерінде ұйымдастырылды. Комиссиялар қараусыз қалған, көмекке зәру балаларды анықтап, оларды балалар үйіне орналастырды. А. Бисенова комиссия жұмысын ешбір сынсыз, кемшіліксіз көрсетті. Дегенмен жетім балалар үйі, бала бақшаларын ұйымдастыруда мамандар тапшылығының орын алғандығын жасырмады. 1931–1933 жылдардағы аштық, ана мен бала өлімі, олардың босқыншылыққа ұшырауы тәрізді тарихтан орын алған ащы шындықты айналып өтті. Балаларға медициналық көмек көрсетудегі совет үкіметінің жетістіктері дәріптелді. Зерттеушінің мұндай ұстанымы советтік тарих ғылымын толығымен қанағаттандырғаны даусыз. Осы орайда еңбек деректік, танымдық жағынан ғана пайдалы екендігі хақ. Осындай еңбектердің қатарына Ф.Н. Базанованың Қазақстан халқының құрылымы, соның ұлттық қырын қарастырған зерттеуін жатқызуға болады [12]. Оған дәлел балалар үйінің құрылуына алып келген әлеуметтік-саяси үдерістердің шынайы мәнін ашпай, жетім, панасыз балалар қатарының көбейгендігін айта келе мемлекеттің оларды қамқорлығына алуда прогрессивтік рөл атқарғандығына баса назар аударды.

Совет Одағындағы қоғамды қайта құру, демократияландыру және жариялылық кезеңінде «жабық» тақырыптардың бірі Украина, Қазақстан сияқты республикалардағы ашаршылық туралы айтыла бастады. Осы кезде бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде 1930-жылдардағы аштық, панасыз балалардың көбеюі, олардың көрші елдерге босып кетуі жөнінде алғашқы ғылыми мақалалар жарияланды. Солардың арасында қорғансыз балалар тарихының беймәлім тұстарын ашуға арналғандары да болды. Сондай мақалалардың бірі Қырғызстанның «Заман жарчысы» деген журналдың беттерінде көрініс тапты [13]. Д. Кызаева мен Ж. Жалиева қырғыз еліндегі панасыз балалар тарихын баяндады. Қырғызстандағы жетім балалар көп болмаған. Бала қорғансыз қалған жағдайда оны жақын туыстары немесе жамағайындары асырап алған. Мұндай дәстүр қазақ даласында да берік орныққан. Қазақ қоғамының тарихынан панасыз бала түгілі ондай ұғымды табу қиын. Жесірін қаңғыртып, жетімін жылатпаған дәстүрлі қоғамның осы орайдағы ұстанымы әлемге үлгі боларлық. Ресейдің өзінде 1926 жылға дейін панасыздықтың нақты анықтамасы болмады. «Панасыз» деген ұғымның анықтамасы 1926 жылы 8 наурыздағы РСФСР Халық комиссариаты және БОАК-нің қаулысында берілді. Бұл құжат балаларды панасыз және «уақытша немесе

жекелей көмекке және тәрбиеге зәру» балалар деп бөлді. Панасыздар деп 16 жасқа толмаған балалар ғана мойындалды. Соның ішінде а) өзіне қамқор болатын ата-анасы, ер жеткен бауырлары, әпкелері жоқтар; б) ата-анасымен және туысқандарымен байланысын жоғалтқандар; в) соттың немесе кәмелетке толмағандардың ісі бойынша комиссияның қаулысы-мен отбасынан ажыратылғандар; г) тастандылар [2; 5 б.]. Осылайша тұрақты мекен-жайы, ата-анасы, кәсібі жоқ, отбасынан айрылған, тәрбие мекемелерінен қашып кетіп, көше кезген, отбасы-лық немесе мемлекеттің қарауынан тыс қалған бала панасыз деп түсіндірілді. Берілген анықта-маның мәнін аша келе, беспризорный, яғни осы күнге дейін панасыз деп айтылып келген ұғымды қорғансыз бала сөзімен ауыстыруды ұсынамыз. Өйткені панасыз ұғымы баспанасыз дегенге саяды. Әрі қорғансыз ұғымы панасыз дегеннен де кең, яғни тұрақты тұратын жерінің жоқтығымен қоса тұлдыр жетімдікті, отбасының, мемлекеттің қорғауынан тыс қалуды білдіреді.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қырғыз елінде кейбір жетімдерді бай кулактар, ауқатты шаруалар үй шаруашылығында пайдалану үшін алған. Алайда ресми деректер бойынша 1921–1922 жылдары Қырғызстанның барлық уездерінде 3, 5 мың панасыз балалар тіркелген. Қорғансыздар санының күрт өсуін аштық жылдары Ресейдің орталық аудандарынан келген панасыз балаларға байланысты түсіндіріледі. 1924 жылдан бастап панасыздықпен мақсатты түрде күрес жүргізіп, 1925 жылы бүкіл Совет Одағындағы тәрізді балалар өмірін жақсарту бойынша облыстық комиссия құрылып, өз жұмысын бастады. Панасыздармен күреске бүкіл қоғам араласып, көмек көрсетті. Балалар комиссиясының жанынан «Балалар досы (Друг детей)» қоғамы құрылды. Мақала авторлары Қырғызстанның панасыз балаларды орналастыру, тәрбиелеу және білім берудегі тәжірибесін, 1920-жылдардағы комиссияның жетімдер үйлеріндегі қызметін архив құжаттары негізінде көрсеткен [13; 17 б.]. Алпауыт мемлекеттің іргесінің сөгіле бастаған тұсында жарық көрген мақала болса да сыни көзқарас байқалмады.

Қайта құру жылдары дәстүрлі қоғамның трансформациясы жайлы да айтылды. Анағұрлым батыл пікірлер білдірілмесе де тың тұжырымдар көрініс тапқан зерттеулер жарық көрді. Мәселен, Ж.Б. Әбілқожин балалар үйлерінің тарихын зерттеуді нысанаға алмаса олардың құрылуына ықпал еткен саяси-экономикалық және әлеуметтік алғышарттарды талдады [14]. Саяси, әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың зардаптарын айқындап, қоғам дамуына, соның ішінде қорғансыз балалардың пайда болуына тигізген әсерін көрсеткен.

Осылайша советтік кезеңде қоғамда балалар панасыздығының орын алғандығы және онымен күрес туралы айтылып, жазылғанымен ғылыми тұрғыда арнайы зерттеліп, іргелі еңбектер жарияланбады. Ғылыми зерттеулерде мәселе қосалқы түрде әрі үстірт қарастырылды.

Ұзақ жылдарға созылған үнсіздіктен соң панасыз балалар тарихы зерттеле бастады. Совет Одағының ыдырауы және республиканың тәуелсіздік алуы Отан тарихында тиым салынған тақырыптарды тың деректер, жаңа көзқарастар, соны ұстанымдар бойынша зерттеуге жол ашты. 1990-жылдары қазақстандық тарихшылар XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы бұрмаланған, ақиқаты ашылмаған большевиктік реформалар, аштық, саяси қуғын-сүргін және т.б. мәселелерді көтерді. Мәселен, М.Қ. Қозыбаев Қазақстан тарихындағы ақтаңдақ тақырыптарды зерттеудің жолдарын көрсетті [15]. Аштық тарихын зерделеуде оның құрбандарының санын ғана емес халықтың басына түскен қасіретті айқындаудың маңызына тоқталды. Т.О. Омарбеков өзінің еңбектерінде Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы аграрлық реформаларды, олардың зардап-тарын анықтады [16]. Ғалым әсіресе ашаршылық ақиқатын зерттеуде аштықтың себептерін, қырылғандардың санын анықтауға ерекше мән берді. Мұның өзі аштықтың балалар тағдырына тигізген қасіретін ашуға септігін тигізді.

Ғылымда ұлттық мүдде бағыты орныға бастаған тұста қорғансыз балалар тарихын арнайы зерттеуге ұмтылыс орын алды. Ғылыми мақалалар жарияланып, 2006 жылы Г.Б. Сүгірәлімова «Қазақстандағы панасыз балалар: мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар)» атты кандидаттық диссертация қорғады [1]. Диссертацияда балалар панасыздығы мәселесінің тарихы зерттеліп, оларды әлеуметтік қорғауда советтік жүйенің құрылуы мен оның қызметінің негізгі бағыттары сипатталды. Қазақстанның Өлкелік балалар

комиссиясының қызметі ғылымда тұңғыш рет зерделенді. Пансыздықпен күреске үлес қосқан Ғ. Мұратбаев, Т. Рысқұлов, Т. Жүргенов, С. Сәдуақасов ұлт қайраткерлерінің сол уақытқа дейінгі беймәлім қыр-лары ашылды. Дегенмен ұлт зиялыларының осы бағыттағы қызметін терең қарастырылуға тиіс тұстарының бар екендігі байқалады. Г.Б. Сүгірәлімова республикадағы көптеген облыстық және шетел архив қорларының құжаттарын ғылыми айналымға енгізбесе де ҚР ОМ, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстық мемлекеттік архивтерінің, статистикалық тың деректердің негізінде панасыз балалар мәселесін шешумен айналысқан мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қызметін тұңғыш рет әрі кешенді түрде талдауға талпынған. Автор зерттеудің мерзімдік шегінен тыс қазіргі замандағы панасыз, жетім балалар мәселесіне басымдық берген. Осыған орай пана-сыздықты жоюмен айналысқан мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің құрылымдық жүйесін, олардың қызметін, санитарлық жағдайын, ол жердегі психологиялық ахуалды, әлеуметтік-педагогикалық факторларды үстірт қарастырған. Саяси қуғын-сүргін орын алған кезеңдегі «халық жаулары» мен «отанына опаздық жасағандардың» балаларының тағдыры жөнінде ештеңе айтылмайды. Дегенмен «1920-жылдары қалыптасып, 1930-жылдары дамыған жетім, панасыз балаларды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі ел басына түскен қиын-қыстау кезеңдерде қоғамның ең әлсіз қорғансыз мүшелерін жаппай құрып кетуден сақтап қалғандығын мойын-дауымыз керек. Бұл балалар мекемелерінің басты жетістігі, тіпті артықшылығы еді» деген тұжырымы тарихта орын алған үдеріске сәйкес келеді. Шындығында да советтер еліндегі балалар комиссиясы қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып қомақты жұмыс атқарды. СССР ОАК жанынан құрылған В.И. Ленин атындағы қордың панасыз балаларға көмегі айтарлықтай болғаны белгілі. Балалар үйлерінің тәлімгерлерге білім беріп, еңбекпен қамтып, түрлі кәсіпке үйреткенін де түбегейлі жоққа шығару қисынсыз. Алайда балалар үйлерінің жұмыстарында өз кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес кемшіліктері мен олқылықтары орын алды. З.Ғ. Сақтағанова және Г.Б. Қарсақованың пікірімен келісе отырып, әсіресе 1920 жылдардағы панасыз балалармен жұмыс нәтижелері туралы айтқанда сол кездегі елдің жағдайын ескеру қажеттілігі туындайды. Жас совет мемлекетінің экономикалық ахуалы нашар алғашқы кезеңінде балалардың жағдайы түбегейлі өзгермесе де бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Алайда олар жеткіліксіз еді. 1921–1923 жыл-дардағы сұмдық аштық пен етек жайған жұқпалы індет балалар өмірін қиды [2; 10 б.]. Бұған қоса балалар қылмысынан өзге жетім балалар мекемелерінің материалдық жағдайы шешілмеген күйде қалды. Сондықтан да өлкелік балалар комиссиясының жұмысы терең әрі тың деректер негізінде заман мен ғылым талаптары тұрғысында зерттелуі және өзінің әділ бағасын алуы тиіс.

Г.Б. Сүгірәлімованың «панасыз балаларды жою жолында жазылған құлаш-құлаш қаулы, қарар, партиялық нұсқаулар аз болған жоқ, бірақ, балалар мұң-мұқтажына, өмір тәжірибесіне негізделіп жасалған сол шаралар көп жағдайда жауапсыздық, сарқынды қаржыландыру, қағазбастылық, жалған ақпарат берушілік салдарынан орындалмай қалатын» деген тұжырымы әлеуметтік мәселелерді шешеуді екінші орынға ысырған большевиктік биліктің панасыздықты толық жоя алмағанынан хабар береді [1; 12 б.]. Ғылымдағы осы олқылықтың орны толтыру үшін заманауи тұжырымдамалар мен бағыттарды басшылыққа алған, тың тарихи деректерге негізделген зерттеу-лер дайындалуы тиіс. Бұл қазіргі уақытта тым ұсақ мәселелер мен ауқымы тар тақырыптарды зерделеуден анағұрлым маңызды.

1931–1933 жылдардағы ашаршылық миллиондаған адамның өмірін жалмаумен бірге аш босқындарды көрші елдерге тентіретіп жіберді. Көршілерге босқан аштардың легі 1932 жылы қарқынды жүрді. Осы кезде Батыс Сібірге қарай пойызбен, жаяу ағылған қазақтардың қатары көп болды. Аштан бұратылған қазақтар өздерімен бірге жұқпалы індетті де ала келді. Осылардың салдарынан Батыс Сібірмен шекаралас аудандарда қорғансыз балалар көбейді. Батыс Сібір өлкелік білім беру бөлімі балаларды қорғау секторының меңгерушісі А.М. Токареваның партия комитетіне хабарлауынша «қазақ қоныс аударушыларының легі 1932 жылдың ақпан-наурыз айларына ерекше күшейді. Балалар топ тобымен көшелерде қалды, оларды Славгород, Волчиха тәрізді Қазақстанмен шектес аудандардан ата-аналары тура білім беру бөлімдеріне әкелді. Алғашқы екі-үш айда олар жұмыс істеп тұрған қабылдау пункттері

мен жетім балалар үйлеріне жіберілді, одан кейін қазақ қоныс аударушыларына (откочевники) арнайы жетім балалар ашылды [17; 242 б.]. М.П. Малышева мен В.С.Познанскийдің зерттеуінше, осы кездегі арнайы мәліметтерде қашып келген қазақтардың балаларының жағдайы ерекше ауыр болған. Ата-анасы тастап кеткен сәбилер жаппай қырылған. Славгород көшелерінен күніне 15-20 баланы түрлі мекемелерге жеткізген. Жетім балалар үйлері мен ауруханалар көшелерден алынған балаларға толып кеткен. 1932 жылдың 15 шілдесінде көшелерден алынған балалардың саны 1, 5 мыңға жеткен. Панасыз балаларды ірі темір жол станцияларынан, қалалар мен станицалардан ұстап алып, балалар үйлеріне орналастырған. Батыс Сібір өлкесінде 1932 жылдың басына қарай 8 мың қорғансыз бала болса, бір жылдың ішінде олардың саны 10 мыңға көбейген. Өлкеде қазақ босқындарының балалары үшін 8 арнайы балалар үйі ашылған [17; 467-470 бб.]. 1933 жылдың қаңтар, ақпан айларында қоныстарын тастап кеткен қазақтардың жаңа легі пайда болды. Олармен бірге панасыз жас қазақ балаларының қатары көбейді. Панасыздарды балалар үйлеріне орналас-тыруда қиындықтар туды. Батыс Сібір өлкелік партия комитеті және атқару комитеті қорғансыз-дар үшін балалар үйін ашып, жүйелі көмек көрсетті. Осындай мазмұнда жарық көрген зерттеудің ғылым үшін маңызы айқын.

Соңғы жылдары 1920–1930 жылдардағы панасыз қалған балаларды мемлекеттік қорғау ісіндегі түбегейлі өзгерістер мен балалар мекемелерінің құрылу тарихы және өңірлердегі қорған-сыз балалар туралы арнайы зерттеулер жүргізіле бастады. Г.К. Кемелжанованың Қазақстанда 1920–1940 жылдарда жетім балалар үйлерінің қалыптасуы және дамуын қарастырған мақала-сында зерттеушілер назар аударарлық тұжырымдар орын алған [18]. Мәселен, «1920–1940–жылдардағы балалар мекемелері жүйесі балалардың панасыздығымен және қараусыздығымен күресу жағдайында дамыды» деген тұжырымның көрсетілген кезеңде қараусыз балалар мәселе-сінің өткір сипат алғандығын, мемлекеттің оларды қарамағына алуда жетім балалар үйлерін ашқандығын дәлелдейді. Дегенмен қамқорсыз жасөспірімдер мен балалар үйінің тәрбиелену-шілерінің күнделікті өмірін зерделей келе, Г.К. Кемелжанова аталған институттық құрылымның өмір сүруіне елдегі сол кезеңде күрделі ахуалдың ықпал еткендігін ескеру қажеттігін алға тартты.

СССР аймағын қамтыған 1921–1923 жылдардағы аштықтың панасыз балалар санының өсуіне әсер еткені белгілі. Ақмола губерниясындағы аштық жылдарындағы балалардың жағдайы, жаппай індетке шалдығуы, партиялық-мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың жасаған істері архив құжаттарының негізінде З.Г. Сақтағанова, Г.Б. Қарсақованың мақаласында талданды. Ғалымдардың пікірінше, 1921 жылдың 1 желтоқсанында ҚАССР-нда 128 000 қорғансыз бала болса, сол жылдың 31 желтоқсанында олардың саны 158 000-ге жеткен, 1922 жылдың қаңтар айында 333 043 балаға көбейген [2; 6 б.]. Дәл осындай мәліметі М.М. Қозыбаева мен А.А. Бекенова да келтірді. Дегенмен олар қорғансыз балалар санының күрт көбеюін 1921–1923 жылдардағы Еділ бойындағы жаппай аштықпен байланыстырды. Панасыздық жағдайын ушықтырып жіберген жағдай Қазақстанға ашаршылықтан зардап шеккен аудандар адамдарының келуі еді. Жас ұрпақты өлімнен аман алып қалу үшін аш ата-аналары оларды балалар үйлеріне, толып кеткен қабылдау пункттеріне қалдырды. Осының салдарынан 1922 жылдың наурыз айында қорғансыздар қатары 408 022 балаға өскен [3; 156 б.]. Бұл жоғарыда көрсетілген Қырығызстандағы қорғансыздар санымен салыстырғанда жүз еседен де артық.

Панасыздық билікті балаларды қабылдау пункттерін ашуға, жетім балалар үйлерінің қатарын көбейтуге мәжбүр ектен. Экономикасы тұралаған мемлекет жетім балалар үйлерін ашу үшін қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланған. Мәселен, ҚАССР-нда 1921 жылы шілдеде 328 балалар үйлері, ондағылардың саны 17092 болса, 1922 жылдың 1 қаңтарында сәйкесінше 502, балалар саны 26193-ке жеткен [3; 158 б.].

Елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайдың, жетім балалар үйлерінің және оларға бөлінетін жергілікті бюджет қаржысының жетіспеушілігі салдарынан Ақмола, Семей губерния-ларында жауапты партия қызметкерлеріне үйлеріне асырауға қорғансыз балаларды алу тапсы-рылған [2; 7 б.]. Жұмыс істеп тұрған жетім балалар үйлеріндегі балалардың жағдайы

мүшкіл күйде, санитарлық ахуалы сын көтермейтін халде болған. Кейбір балалар үйі айлап азықтүлік ала алмады, сондықтан балалар аштықтан өлмеу үшін жан-жаққа қашып жатты. Тек 1923 жылдың басында ғана балалар үйлеріндегі тамақтану біршама жақсарды, бұған аштыққа ұшырағандарға көмектесетін шетелдік қайырымдылық ұйымдарының қызметі ықпал етті. Қазақстандағы бала-лардың тамақтануын ұйымдастыруда АРА ерекше рөл атқарды [3; 162 б.]. Мұның өзі қорған-сыздықтың ҚАССР-нда күрмеуі қиын мәселе болғандығын дәлелдейді. Дабыл қағылып, шұғыл шешім қабылдауды қажет еткен мәселеге жасөспірімдердің түйткілі қосылған, өйткені Қазақ-станда балалар үйлері мен көшелерде өмірге мүлдем бейімделмеген, еңбек дағдылары жоқ 7 мыңға дейін жеткіншек бар еді [2; 9 б.]. Олардың қараусыз қалуы жасөспірімдердің қылмысына себепкер болды. Осы орайда айта кетерлік жайт, қорғансыздардың қылмысы және оның салдары панасыз балалар тарихының әлі де болса ашылмаған қырларының бірі болып саналады. Жасөспірімдерді қалыпты өмірге тарту және кәсіпке баулу бойынша партия, қоғамдық ұйымдар-дың жүргізген күресі де тың деректер негізінде шынайы әрі салмақты тұжырымдар жасауды талап етеді.

Қорғансыз балалар тарихының беймәлім беттерін зерттеуде Карлагтағы «халық жаулары» балаларының қасіретті өмірі сипатталған Д.А. Шаймұханов пен С.Д. Шаймұханова еңбегінің маңызы зор [19]. С.Ділмановтың докторлық диссертациясында және іргелі зерттеулерінде ГУЛАГ жүйесіндегі еңбекпен түзеу лагеріндегі ата-анасынан қасқана ажыратылған жасөспірімдердің еңбегін қанаудың жантүршігерлік фактілері келтіріледі [20].

Тәуелсіздік жылдары панасыз балалар мәселесін жан-жақты негіздеуге мүмкіндік беретін архив құжаттары мен материалдарының жинақтары жарық көрді. Солардың бірі – Сағат Жүсіптің естеліктер жинағы [21]. Жинақта 1931–1933 жылдардағы ашаршылықты куәгерлерінің көзімен көрген оқиғалары сипатталады. Аштық кезіндегі балалардың жантүршігерлік тағдыры баяндалады. Батыс Сібірге босқан қазақтар жөнінде мәліметтер беретін «Гонимые голодом» [22], «Қазақ халқының қасіреті» [23], «1928–1934 жылдардағы ашаршылықтың құжаттық хроникасы көрсетілген көп томдық [24], «Жетісудағы ашаршылық қасіреті» [25] құжаттар жинақтары көрсетілген уақыттағы қорғансыз балалар тарихын зерттеуге септігін тигізеді.

Шетелдік зерттеушілерден Қазақстандағы қорғансыз балалар тарихын зерттегендері некен-саяқ. Дегенмен балалар үйінің тарихының ауқымында панасыздарға тоқталғандары да бар. Мәселен, Р. Конквест 1930-жылдардағы советтік солақай саясаттың зардаптарын жаңа қырынан талдап, әлеуметтік салдарын, соның ішінде қорғансыздардың пайда болуы мен көбеюін өткір сынға алған [26]. Зерттеушінің тұжырымдарын советтік қоғамның теріс құбылыстарын зерттеу мен оның ішкі белгілерін анықтау бойынша теориялық негіздеме деуге келеді. Вальдемар Шмидт аштықтың салдары мен соның нәтижесінде өмірге келген балалар үйінің тарихына жан-жақты баға беруге ұмтылған [27]. Сара Кэмерон советтік индустрияландыру тудырған әлеуметтік құбылыстардың бірі ретінде балалар үйін атап өткен [28]. Мехмет Волкан Кашыкчи өзінің диссертациясында 1928–1953 жылдардағы Советтік Қазақстандағы балалар тарихын қарастырды [29]. 1931–1933 жылдардағы аштықтың балалар тағдырына әсерін кугерлердің естеліктері негізінде көрсетуге тырысты. Диссертацияның кішкентай балалардың ашаршылық құрбандарына айналуын, «ажал лагеріндегі» балалар үйін қарастырған тұстары зерттеушілер үшін қызығу-шылық тудыратыны және ой салатыны даусыз. Зерттеу шеткері аймақтардағы совет адамдары-ның балалық шағын, күнделікті өмірін, ол туралы есте қалғандарды ғылыми тұрғыда зерделеген еңбек болып табылады. «Большевиктік режимнің балаларды социализмнің субъектісіне айнал-дырудағы және жаңа адам қалыптастырудағы жетістіктері күмәнді болды. Советтік идеологияға сүйенген биліктің шараларына жаппай күштеу мен зорлық, құрту-жою ілесіп отырды» деген М.В. Кашыкчинның тұжырымы отандық тарихшылардың көзқарастарымен үндес [29; 1 б.].

Өзбек тарихшысы Саипова Камола Қазақстанның аштыққа ұшыраған аудандарынан эвакуа-цияланған балалар мен өз бетінше ауған қазақтар, панасыз қалған балалар тарихы бойынша мол мәліметтер берген [30]. Қырғыз тарихшылары алапат аштық жылдарында қазақтардың Қырғыз-станға босып келуін, аш босқындардың ауыр жағдайын тың деректер

бойынша зерттеді. Мәселен, Б.С. Сәрсенбаев 1920–1930-жылдардағы қырғыз-қазақ өзара байланыстарын зерделеу ауқымын-да қорғансыз балалар тарихына қысқаша тоқталды. Тарихшы ашаршылық кезінде қазақтардың қырғыз еліне босып келулерін, үкіметтің босқындарға нан және өзге де азық-түлік жағынан шынайы көмек бере алмағандығын ашып жазды [31]. Өйткені қырғыздардың өздерінде нан тапшылығы орын алған еді. «Осының нәтижесінде 1933 жылға қарай 10 мыңнан астам босқын аштықтан қырылудың алдында тұрды. Қазақтар арасында сүзек тәрізді жұқпалы індет тарады. Аштық пен суықтан күніне бірнеше адам өлді. Ата-аналары балаларын көшелерде қалдырды, кейбір жағдайларда республикалық ұйымдардың алдына тастап кетті. Қазақтар арасында аштықтан адам етін жейтін жағдайлар жиілеп кетті, оның құрбандары негізінен балалар болды» деген тұжырымы зерттеушілерге ой салады [31; 68б.).

Қорытынды. Осылайша Қазақстандағы 1920–1930-жылдардағы қорғансыз балалар тарихы-ның зерттелу деңгейіне талдау жасалды. Көрсетілген кезеңдегі қорғансыз балалар тарихының тарихнамасына шолу жасалғандығы, оның арнайы талданбағандығы анықталды. Мәселенің зерттелу деңгейін анықтау барысында оның үстірт зерделендігі, ақиқаты ашылуға тиіс бірқатар түйтілдерінің бар екендігі айқындалды. Советтік кезеңде қорғансыз балалар тарихы қосалқы түрде әрі ана мен баланы қорғау мәселесімен тығыз байланыста қарастырылды. Тақырып 1980 – жылдардың соңында көтеріліп, қорғансыз балалар мәселесі 1921–1923, 1931–1933 жылдардағы аштық ауқымында зерттеле бастады. Дегенмен тарихшылар қорғансыз балаларға қатысты орын алған тарихи жағдайды шынайы көрсете алмады. Тәуелсіздік қорғансыз балалар тарихы тың деректер негізінде зерделеп, арнайы еңбектер дайындауға мүмкіндік тудырды.

Мәселенің зерттелуін талдау Қазақстандағы 1920–1930-жылдардағы қорғансыз балалар тарихын терең әрі кешенді терең зерттеу қажеттілігін байқатты. Ең алдымен тақырыптың түйінін толыққанды шешу үшін «панасыз балалар» ұғымын қайта қарау қажет. Ұлт зиялыларының қорғансыздықпен күрестегі ұстанымы мен қызметі де терең зерттелуі тиіс.

Әсіресе көршілес елдерге босып кеткен балдырғандар мен балақайлардың тағдырын тың деректер бойынша зерделеудің маңызы зор. Саяси қуғын-сүргін жылдарындағы қорғансыз балалардың қасіретті тіршілігі жаңа тарихи таным тұрғысынан қарастырылуы керек. Қазақстан-дағы қорғансыз балалар қылмысы және оған қарсы күрес күрделі мәселенің бірінен саналады. Сол себепті оны бұрын-соңды ғылыми айналымға енгізілмеген архив құжаттары негізінде зерделеу ғылым, қоғам үшін маңызды. Тақырыпты оқиға куәгерлерінің немесе олардың ұрпақтарының естеліктерін талдау бойынша зерделеу оның шынайылығын арттыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүгірәлімова Г.Б. Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар): Т. г. к. ... дисс. автореф. – Қарағанды, 2006. – 32 б.
2. Сактаганова З.Г., Карсакова Г.Б. Влияние голода на рост числа беспризорных детей в Акмо-линской губернии в 1920-е гг.//Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2017. – №3 (86). – С. 4-10.
3. Қозыбаева М.М. XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары (жаңа архивтік және жазбаша дереккөздер негізінде): Ұжымдық монография/ М.М.Қозыбаева, А.Т. Қапаева, А.И. Құдайбергенова, С.А. Асанова және т.б. – Алматы: ИП «Мадияр», 2023. – 264 б.
4. Шоқай М.Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы : Жалын, 1992. – 184 б.
5. Шоқай М. Кеңес Одағының түркі әлемі саясаты. Құрастырған Әбдіуақан Қара. – Бiстамбұл, Дәуі кітапханасы, 2023. – 343 б.
6. Мананникова Н.В. Охрана материнства и младенчества в Казахстане//Журнал по изучению раннего детского возраста. –1930. – №10. –С.172-179.

7. Бисенова А.Б. Материнство и детство (Очерки развития охраны материнства и детства в Казахстане). – Алма-Ата, «Казахстан», 1965. – 208 с.
8. Иренгов Ғ.Н., Шәзінда С.М. Кеңес дәуіріндегі кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлық мәселесі// Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. –2011. –№3-4. –81-86 бб.
9. Потепалов Д.В., Чернышков В.В. Дискуссионные вопросы истории детской беспризорности в России в 1920–1930-е гг. <http://izvestia.vspu.ru>. 2015
10. Замыловская О. Система Макаренко: в чем ее суть и как он к ней пришел// <https://skillbox.ru/media/education/> 22 февраля 2023.
11. Ғани Мұратбаев. Құраст. Ш. Өтепов. – Алматы : Қазақстан, 1972. – 142 б.
12. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – 156 с.
13. Кызаева Д., Жалиева Ж. Советская власть и дети//Вестник времени – Заман жарчысы. – 1990. – №11. – С.16-18.
14. Абылхожин Ж.Б. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации традиционной структуры Казахстана. – Алма-Ата, Ғылым, 1991. – 240 с.
15. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы, Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
16. Омарбеков Т. Ашаршылық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 80 б.
17. Малышева М.П., Познанский В.С. Казахи-беженцы от голода в Западный Сибири (1931-1934 гг.). – Алматы: «Ғылым», 1999. – 535 с.
18. Кемелжанова Г.К. Становление и развитие детских домов в 1920–40-е годы в Казахстане //Молодой ученый. – 2020. – № 23(313). – С. 616-620. URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> (дата обращения: 30.05.2023).
19. Шаймуханов М. Ж., Шаймуханова С. Д. Карлаг. – Караганда, 1997. – 176 с.
20. Дильманов С. Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД – МВД СССР на территории Казахстана (30–50-е годы XX века): дис. ... д. и. н. – Алматы, 2002. – 350 с.
21. Жүсіп С. Ашаршылық ақиқаты. Деректер мен дәйектер. – Алматы, «Курсив» ЖШС баспаханасы, 2015. – 415 б.
22. Гонимые голодом. Сб. док. Сост. Е. Сыдыков. – Семей, 2010. – 693 с.
23. Қазақ халқының қасіреті. XX ғасырдың 20-шы, 30-шы жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық. Құжаттар мен материал. жинағы. Жауапты құраст. М.К. Тахаева. – Алматы, 2010. – 414 б.
24. Ашаршылық. Голод: документальная хроника: Сб. док. 1928-1934 / Ред. жауапты құраст. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. 1-т.: 1928-1928. – 920 б.; 2-т.: 1930-1931. – 1240 б.; 3-т.: 1932–1943. – 1028 б.; – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. 4-т. – 776 б.; – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. 5-т. – 604 б.
25. Жетісудағы ашаршылық қасіреті. Құраст. Р. Оразов, Е. Стамшалов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021. – 296 б.
26. Конквест Р. Жатва скорби (Совесткая коллективизация и террор голодом) [Robert Conquest. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivisation and the Terror-Famine]. – London, 1988. – 620 p.
27. Шмидт В. Трагедия Казахстана 1921–1922 годов: Голод и его последствия // Oriental Archive. – 2018. – No. 1. – P. 40–50.
28. Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Making of Soviet Kazakhstan. New York: Cornell University Press, 2018. 292 p.
29. Kaşıkçı M. V. Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928-1953. Arizona State University, 2020. 398 p.
30. Саипова К. История национальных меньшинств Узбекистана (1917–1990 гг.). – Ташкент: Турон-Иқбол, 2021. 277 с.
31. Сарсенбаев Б.С. Кыргызско-казахские взаимоотношения в составе СССР (20-30-е гг. XX в.). Бишкек: КРСУ, 2013. 144 с.

References:

1. Sygiralimova G.B. *Qazaqstandagy panasyz balalar: maseleni sheshu tarihy, tazhiribesi, qorytyndysy (1920–1940 jyldar): T. g. k. ... diss. avtoref. – Qaragandy, 2006. – 32 b.*
2. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B. *Vliyanie goloda na rost chisla besprizornyh detej v Akmolinskoj gubernii v 1920-e gg.//Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya. – 2017. –№3 (86). –S. 4-10.*
3. Qozybaeva M.M. *XX gasyrdyn 20-jyldarynyn basyndagy Qazaqstandagy asharyshlyq jane onyn saldary (jana arhivtik jane jazbasha derekkozder negizinde): Yjymdyq monografiya/ M.M.Qozybaeva, A.T. Qapaeva, A.I. Qydajbergenova, S.A. Asanova jane t.b. – Almaty: IP «Madiyar», 2023. – 264 b.*
4. Shoqai M. *Tyrkistannyn qyly tagdyry. – Almaty : Zhalyn, 1992. – 184 b.*
5. Shoqai M. *Kenes Odagynyn tyrki alemi sayasaty. Qyrastyrgan Abdiuaqap Qara. – Ystambul, Dogu kitaphanasy, 2023. – 343 b.*
6. Manannikova N.V. *Ohrana materinstva i mladenchestva v Kazahstane//Zhurnal po izucheniyu rannego detskogo vozrasta. 1930. №10. S.172-179.*
7. Bisenova A.B. *Materinstvo i detsvo (Ocherki razvitiya ohrany materinstva i detstva v Kazahstane). Alma-Ata, «Kazahstan», 1965. 208 s.*
8. Irenov G.N., Shazinda S.M. *Kenes dauirindegi kamilettik jasqa tolmgan jasospirimder arasyndagy deviantty minez–qylyq maselesi// Pavlodar memlekttik universitetinin Habarshysy. Gumanitarlyq seriyasy.2011. №3-4. 81-86 bb.*
9. Potepalov D.V., Chernyshkov V.V. *Diskussionnye voprosy istorii detskoj besprizornosti v Rossii v 1920–1930-e gg. <http://izvestia.vspu.ru>. 2015.*
10. Zamylovskaya O. *Sistema Makarenko: v chem ee sut i kak on k nej prishel// <https://skillbox.ru/media/education/> 22 fev 2023.*
11. Gani Myratbaev. *Qyrast. J. Oteпов. – Almaty : Kazaxstan, 1972. – 142 b.*
12. Bazanova F.N. *Formirovanie i razvitie struktury naseleniya Kazahskoj SSR: nacionalnyj aspekt. – Alma-Ata: Kazahstan,1987. – 156 s.*
13. Kyzayeva D., Jalieva ZH. *Sovetskaya vlast i deti//Vestnik vremeni – Zaman jarchysy. –1990. – №11. – S.16-18.*
14. Abylhojin Zh.B. *Socialno-ekonomicheskie aspekty funkcionirovaniya i transformacii tradicionnoj struktury Kazahstana. – Alma-Ata, Gylym, 1991. – 240 s.*
15. Qozybaev M. *Aqtandaqtar aqiqaty. – Almaty, Qazaq universiteti, 1992. – 272 b.*
16. Omarbekov T. *Asharyshlyq. – Almaty: «Arys» baspasy, 2019. – 80 b.*
17. Malysheva M.P., Poznanskij V.S. *Kazahi-bezhency ot goloda v Zapadnyj Sibiri (1931-1934 g.g.). – Almaty: «Fylym», 1999. – 535 s.*
18. Kemeljanova G.K. *Stanovlenie i razvitie detskih domov v 1920–40-e gody v Kazahstane //Molodoj uchenyj. – 2020. – № 23(313). – S. 616-620. URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> (data obrashcheniya: 30.05.2023).*
19. Shajmuhanov M. ZH., Shajmuhanova S. D. *Karlag. – Karaganda, 1997. – 176 s.*
20. Dilmanov S. D. *Ispravitelno-trudovoye lagerya NKVD MVD SSSR na territorii Kazahstana (30–50-e gody HKH veka): dis. ... d. i. n. – Almaty, 2002. – 350 s.*
21. Jysip S. *Asharyshlyq aqiqaty. Dereker men dajekter. – Almaty, «Kursiv» JShS baspahanasy, 2015. – 415 b.*
22. *Gonimye golodom. Sb. dok. Sost. E. Sydykov. – Semej, 2010. – 693 s.*
23. *QazaQ halqynyn asireti. XX gasyrdyn 20-shy, 30-shy jyldaryndagy Qazaqstandagy asharyshlyq. Qyjattar men material. jinagy. Jauapty qyrast. M.K. Tahaeva. – Almaty, 2010. – 414 b.*
24. *Asharyshlyq. Golod: dokumentalnaya hronika: Sb. dok. 1928-1934 / Red. jauapty qyrast. B. Abdigaliyly. – Almaty: Atamyra, 2021. 1-t.: 1928-1928. 920 b.; 2-t.: 1930-1931. 1240 b.; 3-t.: 1932–1943. – 1028 b.; – Nyr-Syltan: Foliant, 2021. 4-t. – 776 b.; – Nyr-Syltan: Foliant, 2021. 5-t. – 604 b.*
25. *Jetisudagy asharyshlyq qasireti. Qyrast. R. Orazov, E. Stamshalov. – Almaty: «Arys» baspasy, 2021. – 296 b.*
26. *Conquest R. The Harvest of Sorrow (Soviet Collectivisation and the Terror-Famine). – London, 1988. – 620 p.*
27. *Shmidt V. Tragediya Kazahstana 1921–1922 godov: Golod i ego posledstviya // Oriental*

Archive. – 2018. – No. 1. – P. 40–50.

28. Cameron S. *The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Making of Soviet Kazakhstan.* – New York: Cornell University Press, 2018. – 292 p.

29. Kaşıkçı M. V. *Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928-1953.* – Arizona State University, 2020. – 398 p.

30. Saipova K. *Istoriya nacionalnyh menshinstv Uzbekistana (1917–1990 gg.).* – Tashkent: Turon-Iqbol, 2021. – 277 s.

31. Sarsenbaev B.S. *Kyryzsko-kazahskie vzaimootnosheniya v sostave SSSR (20-30-e gg. XX v.).* – Bishkek: KRSU, 2013. – 144 s.